

№14 “Шолпан” бөбекжай-бақшасы

Алтын күз келді, бақшама!

(Ертеңгілік)

**Тәрбиешілер: А.Қайрова
Ж.Тәти**

2023-2024 оқу жылы

Бекітемін: 
Әдіскер К.Байқадамова
« » « » 2023 ж

«Алтын күз келді, бақшама!»

Мақсаты : Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көңіл -күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге деген ынталарын арттыру. Зал мерекеге сай безендірілген. Әдемі ән ойналып тұрады. Бүлдіршіндер, тәрбиешімен бірге кіріп орындықтарға жайғасады. Балалардың қолдарында жапырақтар:

Жүргізуші:

Қарсы алайық бәріміз
Жасымызбен кәріміз
Қырдан кепті қыдырып
Алтын күз бізге нұр беріп

-Армысыздар құрметті ата-аналар, ұстаздар және «Шұғыла» тобының бүлдіршіндері. Бүгінгі күз мезгіліндегі ән тамаша «Алтын күз келді, бақшама!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер. Ел байлығын арттырған, сары алтындай сары күз бізге дәмді жемістерін, қамбаға толы астығын сыйлады. Ендеше «Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастаймыз.

Ән: «Күзгі вальс»

Тәрбиеші: -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Күз айларын атаңдаршы?

-Күз мезгілінің ерекшеліктерін атаңдаршы?

-Жарайсындар, балалар!

Жүргізуші:

Балдырғандар бүгінгі
Еркелігін тастайды,
Күз туралы сіздерге

Такпақтарын бастайды – деп өлең шумақтарына кезек береміз.

Нұрбейне:

Ой алақай, тамаша,
Шашу шашты жапырақ.
Бақтың іші алаша,
Аунар ма еді жатып-ап!?

Ақжүрек:

Сап-сары ғып даланы,
Бояпты ғой күз деген.
Құстар қанат қағады,
Қоштасқандай бізбенен.

Сезім:

Құстар қайтты ән салып,
Бұлт шарлады аспанды.
Қыс келеді жар салып,
Күзгі суық басталды.

Алинұр:

Сап-сары ғып қояды. (Күз)

3. Ағайынды бәрі,

Шықса жасыл,

Түссе сары. (Жапырақ)

4. Жаңбыр жауып басылды,

Аспан шайдай ашылды.

Қызыл, сары жасылды,

Көкте бір зат асылды. (Кемпірқосақ)

5. Сартылдатып шәйнегін,

Ұнатпаса да жұрт мейлі.

Терезенің әйнегін,

Жуады,

Бірақ сүртпейді. (Жаңбыр)

Жүргізуші:

Шаршауды білмейміз

Көңілді би билейміз

Әсем сазды ән салып

Би билеуге дайынбыз

Би: «Қолшатыр» биі

Жүргізуші :

Ерте ерте, ертеде

Бау-бақшасы көп өлкеде

Көкөністер жиналып

Үлкен айтыс құрыпты

«Көкөністер айтысы» көрінісімізге кезек береміз.

Тәрбиеші:

Өнім биыл тамаша!

Көз тоймайды қараса:

Сәбіз, картоп, кәдеш пен қып-қызыл піскен қызанақ.

Қырыққабатқа қарашы!

Көкөністер бір кезде жиыла қалып дауласты.

Көкөністер:

Жиналып қаппыз бәріміз,

Қайсымыз ең дәмдіміз?

Ішімізден адамға

Тиеді көп пайдамыз?

Мақтаншақ бұршақ ортаға жүгіріп шықты

Бұршақ:

Кішкене түймедеймін мен,

Ұнаймын мен бәріне!

Дәмді тағамдарыммен

Сый жасаймын бәріңе!

Тәрбиеші: Ызаланғаннан қызылша ортаға жүгіріп шықты.

Қызылша:

Мен де бір сөз айтайын,

Денсаулыққа пайдалы.
Мұны жатқа білiндер,
Оларды жақсы көрiндер!

Жүргiзушi:

Әсем әуен салдырған
Сәбилерде алғыр жан
Шұғыланың ұл - қызы

Би шығарды жаңадан-деп «**Желтый вальс**» биiн қабыл алыңыздар.

Жүргiзушi :

Ән салындар күлiндер,
Жайнап гүлдей жүрiндер.
Күздің тойын тойлайық,
Би билейiк ойнайық-деп

бiздiң балаларымыздың «**Тамшылар**» биiн

қабыл алыңыздар.

Жүргiзушi:

Қызыға бiз қараймыз
Бүлдіршiндерге бүгiнгi
Көрейiкшi көрермендер

Ұлдардың биiн тамашалап-деп «**Ұлдардың флешмоб**» биiне кезек беремiз

Қыздардың орындауында «**Жау,жау жанбыр!**» әнi

Жүргiзушi:

Ал балалар тұрмайық
Би билейiк бәрiмiз
Алтын күзде бүгiнгi

Шырқап әнге салайық-деп «**Күз келгенде**» әнiн тындаңыздар.

Кiшкентай қыздарымыздың орындауында «**Бүлдірген теремiз**» биi.





Алтын күз келді, бақшама!

